

**Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 6 қараша N 1675. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.25. N 832 қаулысымен. ~P020832

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру ережесі бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де орталық мемлекеттік органдар бір ай мерзімде бұрын қабылданған шешімдерді Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру ережесіне сәйкес келтірсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын мемлекеттік

тапсырыс туралы үлгі ережелерді әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 1314

P981314\_

қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 48, 440-күжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 1314 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 тамыздағы N 1169

P991169\_

қаулысы

(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 41, 361-күжат).

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 6 қарашадағы

№ 1675 қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын  
республикалық және жергілікті бюджеттік  
бағдарламаларды қаржыландыру  
ережесі

Осы Ереже бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шығыстарын республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен төлеудің негізгі шарттары мен тәртібін көздейді.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

мемлекеттік тапсырыс - Тапсырыс берушінің атынан бюджеттік бағдарламалар республикалық және жергілікті бюджеттердің ақшасы есебінен қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) мемлекеттің сатып алуы түрінде орындалатын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаны (бұдан әрі - бюджеттік бағдарлама) іске асыру нысаны;

Тапсырыс беруші - белгілі бір мемлекеттік функцияларды орындауына байланысты мемлекеттік тапсырысты орналастыруды жүзеге асыратын республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелері немесе заңды тұлға болып табылатын аумақтық мемлекеттік органдар;

Орындаушы - мемлекеттік тапсырысты Тапсырыс берушімен жасалған шартқа сәйкес орындайтын заңды немесе жеке тұлға.

2. Мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық немесе жергілікті бюджеттерде көзделген қаражаттың есебінен жүргізіледі.

3. Мемлекеттік тапсырысты орналастыру мемлекеттік сатып алулар туралы заңға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік тапсырыс негізінде бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру үшін Тапсырыс беруші Орындаушылармен шарттар (келісім-шарттар) жасасады.

5. 1-қосымшаға сәйкес Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мемлекеттік

тапсырыс шеңберінде орындалатын әрбір бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша , республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен орындалатын осы бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша, мемлекеттік тапсырыс туралы ережені (бұдан әрі - Мемлекеттік тапсырыс туралы ереже) әзірлейді және бекітеді.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен немесе қаржы мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органмен Мемлекеттік тапсырыс туралы ережені келіседі және оларды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің тиісті аумақтық органдарына (бұдан әрі - Қазынашылықтың аумақтық органдары) ұсынады.

## 2. Мемлекеттік тапсырысты қаржыландырудың шарттары

6. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, іске асырылу нысаны мемлекеттік тапсырыс ретінде анықталған бағдарламалар (кіші бағдарламалар) екі топқа бөлінеді:

орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) көлеміне сәйкес қаржыландырылатын бағдарламалар (кіші бағдарламалар) (бұдан әрі - I топ);  
мемлекеттік тапсырыс құнының бірлігіне шағып қаржыландырылатын бағдарламалар (кіші бағдарламалар) (бұдан әрі - II топ).

7. Ағымдағы қаржы жылы мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шарт (келісім-шарт) жасасқан кезде мынадай талаптарды сақтау қажет:

1) өткен қаржы жылдары жасалған мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шарт (келісім-шарт), өткен қаржы жылдарының орындалмаған міндеттемелерінің сомасына, ағымдағы қаржы жылы Қазынашылықтың аумақтық органдарында қайта тіркелуге жатады;

2) ағымдағы қаржы жылында мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шарт (келісім-шарт), (егер заңнамада өзгеше көзделмесе) ағымдағы қаржы жылы Қазынашылықтың аумақтық органдарында қайта тіркелген, өткен қаржы жылдарының орындалмаған міндеттемелерінің сомаларын шегере отырып, республикалық немесе жергілікті бюджеттерде бекітілген тиісті бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жылдық соманың шегінде жасалуы мүмкін.

8. Республикалық немесе жергілікті бюджеттерді нақтылау нәтижесінде мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жылдық сома өзгерген жағдайда, осы бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шарттар (келісім-шарттар ) жеткізілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) сандық (заттай) және құндық түрде берілетін көлемі бөлігінде

өзгертілуге және Қазынашылықтың аумақтық органдарында қайта тіркелуге жатады.

9. Егер бір бағдарламаны (кіші бағдарламаны) орындау үшін шарттар (келісім-шарттар) бірнеше Орындаушылармен жасалатын болса, осындай шарттардың (келісім-шарттардың) жалпы сомасы өз шегінде осы бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шарт жасасуға рұқсат етілетін бюджеттік тағайындаулардың сомасынан аспайды.

10. Заңнамалық кесімдермен анықталған шарттардан басқа, мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шарт (келісім-шарт) мыналарды:

2 және 3-қосымшаларға сәйкес шартқа қоса беріліп отырған нысандармен расталатын сандық (заттай) және құндық түрде берілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемін. Осы қосымшаларда айлар бойынша сома осы бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша Тапсырыс берушінің шығыстарының сметасында көрсетілген тиісті соманың шегінде келтірілуі тиіс;

егер бағдарлама (кіші бағдарлама) I топқа жататын болса, орындалған жұмыстар (жеткізілімдер, көрсетілген қызметтер) актісінің міндетті түрде жасалуын және Қазынашылықтың аумақтық органдарына ұсынылуын көздейтін шартты, егер II топқа жататын болса, мемлекеттік тапсырыс құны бірлігінің іс жүзіндегі санын көрсете отырып, есептемелерді;

тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру рәсімдерінің нәтижелері бойынша ресімделген хаттаманың нөмірі мен күнін қамтуы тиіс.

11. Қазынашылықтың аумақтық органдары шарттарды (келісім-шарттарды) тіркеген кезде осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген ережелердің бар-жоғын тексереді.

12. Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерінде және мемлекеттік тапсырыс құнының есептемесінде мыналар:

Тапсырыс беруші мен Орындаушының атауы;

есепті кезеңде берілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) құны;

Орындаушыдан ұсталатын аванстың бөлігі немесе толық сомасы;

белгілі бір уақыт кезеңінде (күні көрсетіледі) сандық (заттай) түрдегі I топ үшін берілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) көлемін көрсете отырып, түрлері және II топ үшін мемлекеттік тапсырыс құны бірлігінің іс жүзіндегі саны;

қаржыландырылатын айға арналған бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша лимиттің қалдығынан аспауы тиіс ұсталатын авансты ескере отырып, есепті кезеңде берілген тауарларға, орындалған жұмыстарға (көрсетілген қызметтерге)

ақы төлеу үшін Орындаушыға аудару талап етілетін сома көрсетіледі.

Орындалған жұмыстардың актілері мен есептемелерге басшылар қол қояды және Тапсырыс беруші мен Орындаушының мөрлерімен бекітіледі.

13. Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілері мен мемлекеттік тапсырыс құнының есептемелері деректерінің растығы үшін Тапсырыс беруші мен Орындаушы жауап береді.

14. Қазынашылықтың аумақтық органының жауапты атқарушысы ұсталатын авансты ескере отырып, орындалған жұмыстардың актісіне, мемлекеттік тапсырыс құнының есептемесіне сәйкес төлем тапсырмасында көрсетілген сома мен мемлекеттік тапсырысқа ақы төлеу үшін Орындаушыға аудару талап етілетін соманың сәйкестігін тексереді.

### 3. Мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру тәртібі

15. Мемлекеттік тапсырысты орындағаны үшін Орындаушымен есеп айырысу Тапсырыс берушінің бюджеттік шотынан екінші деңгейдегі банктердегі не Қазынашылықтың аумақтық органдарындағы Орындаушылардың шоттарына ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.

16. Мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау үшін бірінші топқа жататын Орындаушыларды республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен авансылау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) құнында жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) үшін қажетті материалдар мен жабдықтар сатып алуға арналған шығыстар кемінде 40 пайызды құрайтын жұмыстардың орындалуын (қызметтердің көрсетілуін) көздейтін бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша Орындаушыларға бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша бекітілген жылдық соманың 30 пайызынан аспайтын жалпы сомада және Тапсырыс берушінің осы бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстарының сметасы шегінде аванс беруге рұқсат етіледі;

2) арнайы жабдықтармен, көлік құралдарын, мал дәрігерлік және биологиялық препараттарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын, дәрі-дәрмектерді тек орталықтандырылған түрде сатып алуды көздейтін бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша жүргізілетін сатып алудың 50 пайызынан аспайтын сомаға, бірақ Тапсырыс берушінің осы бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстарының сметасы шегінде Орындаушыларды авансылауға рұқсат етіледі;

3) 1, 2-тармақшаларда көрсетілмеген басқа бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша бекітілген жылдық соманың 10 пайызынан аспайтын сомаға және Тапсырыс берушінің осы

бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстарының сметасы шегінде авансылауға жол беріледі.

Орындаушыларға аванс Мемлекеттік тапсырыс туралы ережеге сәйкес жыл бойына бөліп-бөліп берілуі мүмкін.

17. Қазынашылықтың аумақтық органдары үшін Тапсырыс берушінің бюджеттік шотынан мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) Орындаушының есеп шотына ақша аудару үшін:

Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы Қазынашылықтың аумақтық органында тіркелген мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шарттың (келісім-шарттың);

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен немесе қаржы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органмен келісілген Мемлекеттік тапсырыс туралы ереженің;

егер бағдарлама (кіші бағдарлама) I топқа жататын болса, орындалған жұмыстар (қызмет көрсетулер) актісінің және егер II топқа жататын болса, мемлекеттік тапсырыс құны есептемелерінің болуы негіз болып табылады.

Бұл ретте, төлем тапсырысында тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді жүргізілген мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің нәтижелері бойынша ресімделген хаттаманың нөмірі мен күні, шарттың (келісім-шарттың) нөмірі мен күні, мемлекеттік мекеме міндеттемесінің нөмірі және орындалған жұмыстардың актісіне, тиісті есептемеге сілтемемен бірге төлемнің мақсаты

(аванс, орындалған берудің немесе жұмыстың, көрсетілген қызметтердің ақысы) көрсетіледі.

I топқа жататын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау үшін Орындаушыларды авансылау кезінде орындалған жұмыстардың актісін беру талап етілмейді.

18. Қазынашылықтың аумақтық органдары ақша аударған кезде ағымдағы бақылауды жүзеге асырады.

#### 1-қосымша

Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен орындалатын бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша Мемлекеттік тапсырыс туралы ережені әзірлеу жөніндегі нұсқаулық

Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен орындалатын мемлекеттік тапсырыс туралы ереже (бұдан әрі - Мемлекеттік тапсырыс туралы ереже) мынадай тарауларды қамтуы тиіс:

## 1. Жалпы ережелер

1. Өзіне бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауын, осы бағдарламаның (кіші бағдарламаның) қажеттілігі мен дамуын анықтайтын нормативтік құқықтық кесімдерге сілтемелері қамтиды.

2. Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) мазмұны

2. Мыналарды:

бағдарламаның (кіші бағдарламаның) мақсатын;

осы бағдарламаның (кіші бағдарламаның), олардың түрлері бойынша жұмыстардың және қызмет көрсетулердің орындалуын қамтамасыз ететін сипаттауды. Бұл ретте, егер осы бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бірнеше жылға есептелген болса, онда іс-шараларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сипаттау жылдар бойынша бөле отырып ұсынылады;

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру ережесіне сәйкес осы бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға Тапсырыс берушіні өзіне белгілеуді қамтиды;

## 3. Мемлекеттік тапсырысты орналастыру

3. Осы тарауда мемлекеттік тапсырыстың орындаушысын таңдаудың тәсілдері көрсетіледі және мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес таңдаудың осындай негіздемесі келтіріледі.

4. Мемлекеттік тапсырысты конкурстық негізде орналастырған жағдайда, осы тарауда конкурстық өтінімді жеңіп алушыны анықтау кезінде конкурстық комиссия ескеретін өлшемдердің тізбесі көрсетіледі.

## 4. Мемлекеттік тапсырысқа ақы төлеу тәртібі

5. Осы тарау өзіне мыналарды:

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру ережесінің 6-тармағына сәйкес қаржыландыру кезінде қолданылатын мемлекеттік тапсырысты Орындаушылармен есеп айырысу қағидаттарын, яғни бағдарламаның (кіші бағдарламаның) орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) көлеміне сәйкес қаржыландырылатын бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) немесе мемлекеттік тапсырыс құнының бірлігіне шаққандағы тиесілілігі;

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру ережесінің 16-тармағында көзделген жағдайда бағдарламаны (кіші бағдарламаны) мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындау үшін Орындаушыларды авансылау тәртібін, атап айтқанда, авансылаудың мақсатын, жылдық бекітілген көлемдегі аванстың үлесін, төлемдердің сатысын, аванстың кезең-кезеңдік мөлшерлерін, авансты ұстау тәртібін;

Тапсырыс беруші өзінің бюджеттік шотынан Орындаушының есеп шотына аудару үшін Қазынашылықтың аумақтық органдарына ұсынатын құжаттардың тізбесін қамтиды.

## 5. Мемлекеттік тапсырысты орындаудың өлшемдері

Осы тарауда мемлекеттік тапсырысты орындаудың мынадай өлшемдері көрсетіледі:

сандық өлшемдер - қандай тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) және қандай санда (көлемде) берілетінінің (орындалатынының, көрсетілетінінің) көрсеткіштері;

сапалық өлшемдер алынған нәтиженің сапасы қалай бағаланатынын анықтайды;

уақытылық өлшемі, ол бағдарламадан нәтижелер қандай уақыт кезеңінде

болғанын және алынатынын немесе қандай да бір қызмет көрсетудің немесе жұмыстың орындалуының орташа ұзақтығын анықтайды;

тиімділік өлшемі - орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірлігіне шығыстардың көлемін өлшеу. Тиімділік өлшемі бағдарламаның қаншалықты үнемді, неғұрлым аз шығындармен орындалатынын анықтауы тиіс;

нәтижелілік өлшемі - бағдарлама қандай дәрежеде қойылған міндеттерге қол жеткізіп отырғанының көрсеткіштері.

### 2-қосымша

Бекітемін

Бекітемін

\_\_\_\_\_  
(Тапсырыс берушінің атауы)

\_\_\_\_\_  
(Орындаушының атауы)

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні, лауазымы, қолы)

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні, лауазымы, қолы)

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

М.О.

М.О.

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын жұмыстардың  
(қызмет көрсетулердің) жоспары

Кодтары

Мемлекеттік мекеме-бағдарламалардың әкімшісі \_\_\_\_\_

Бағдарлама \_\_\_\_\_

Кіші бағдарлама \_\_\_\_\_

Мемлекеттік тапсырысты орындаушы \_\_\_\_\_

-----  
! \_\_\_\_\_ жылға арналған ! \_\_\_\_\_ жылға  
!жұмыстардың (қызмет ! сомасы  
!көрсетулердің) атауы !(мың теңге)  
-----

қаңтар

ақпан

наурыз

сәуір

мамыр

маусым

шілде

тамыз

қыркүйек

қазан

қараша

желтоқсан  
-----

Жиыны

о.і.материалдар

мен жабдықтар

сатып алуға

жұмсалатын

шығыстардың

үлес салмағы:

мың теңгемен

%-бен  
-----

Тапсырыс берушінің  
қаржы бөлімшесінің бастығы \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, лауазымы, қолы)

Ескерту:

Осы нысан орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) көлеміне сәйкес қаржыландырылатын бағдарламалар (кіші бағдарламалар) үшін толтырылады.

3-қосымша	
Бекітемін	Бекітемін
_____ (Тапсырыс берушінің атауы)	_____ (Орындаушының атауы)
_____ (аты-жөні, лауазымы, қолы)	_____ (аты-жөні, лауазымы, қолы)
___ жылғы "___" _____ М.О.	___ жылғы "___" _____ М.О.

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын жұмыстардың  
(қызмет көрсетулердің) жоспары

Кодтары	
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	_____
Құн бірлігіне арналған шығыстардың негізгі түрлері	_____
Бағдарлама бойынша	_____
Кіші бағдарлама бойынша	_____
Мемлекеттік тапсырысты орындаушы	_____

(теңге)

-----

Кодтары!    Атауы    !\_\_\_ жылға!  
!            !арналған !  
!            !жоспар    !қаңтар!ақпан!наурыз!сәуір!мамыр!маусым!

-----

!Жалпы саны,  
!бірл. \_\_\_\_\_

! (құн бірлігі)  
!жұмсалатын  
!шығыстар  
!Жалпы сан үшін  
!барлық шығыстар

---

таблицаның жалғасы:

---

шілде!тамыз!қыркүйек!қазан!қараша!желтоқсан

---

Тапсырыс берушінің  
қаржы бөлімшесінің бастығы \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, лауазымы, қолы)

Ескерту:

Осы нысан мемлекеттік тапсырыс құнының бірлігіне шағын  
қаржыландырылатын бағдарламалар (кіші бағдарламалар) үшін толтырылады.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.